

Жеңістің алпыс жылдығына орай Ұлы Отан Соғысына қатысушыларға, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға тұрғын-үй жәрдемақысын төлеу жөніндегі Алматы қаласының Әкімі И.Н. Тасмағамбетовтың ұсынысы туралы

Күшін жойған

ІІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 110 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 01 ақпанда N 640 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару жөніндегі", 1999 жылы 16 қарашадағы N 477 "[Қазақстан](#) Республикасының халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер енгізу жөніндегі" Заңдарына сәйкес, ІІІ сайланған Алматы қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ұлы Жеңіске қосқан халықтың ерлігіне ерекше мән бере отырып және Жеңістің алпыс жылдығына орай Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға жыл сайын тұрғын-үй жәрдемақысын ай сайын төлеу туралы Алматы қаласының Әкімі И.Н.Тасмағамбетовтың ұсынысы мақұлдансын.

2. Алматы қаласының Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті үстіміздегі жылдың 1 ақпанынан бастап тұрғын-үй көмегінің уақытылы төленіп тұруын қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының Әкіміне "Алматы қаласының 2005 жылға арналған бюджеті туралы" ІІІ сайланған Алматы қаласы Мәслихатының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы ХІ-і сессиясының шешіміне тиісті өзгертулерді әзірлеу ұ с ы н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау әлеуметтік мәселелер мен денсаулық сақтау жөніндегі тұрақты комиссияға (Тәжиев Е.Б), Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.З Мурзинге жүктелсін.

*Мәслихатының кезектен тыс
XII сессиясының төрағасы*

*III сайланған Алматы қаласы
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК